



2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

№	Модуль коды мен атауы	Кредиттердің мөлшері	№	Пән коды және атауы	Пәннің академиялық кредит	Цикл/компонент
1	GES -1 Жалпы білім беретін пәндер	36	1	GES 101 Қазақстан тарихы	5	ЖБП/ МК
			2	GES 102 Философия	5	ЖБП/ МК
			3	GES 103 Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)	8	ЖБП/ МК
			4	GES 1(2)04 Дене шынықтыру	8	ЖБП/ МК
			5	GES 205 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	ЖБП/ МК
			6	1. GES 106/1 Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері/ 2. GES 106/2 Экология және тұрақты даму 3. GES 106/3 Экономика және кәсіпкерлік негіздері/ 4. GES 106/4 Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу/ 5. GES 106/5 Эмоционалды интеллект 6. GES 106/6 Математикалық статистика негіздері 7. GES 106/7 Қаржылық сауаттылық	5	ЖБП/ ТК
			7	GES 106/8 Математикалық сауаттылық	5	ЖБП/ МК
2	GLC -2 Тілдік коммуникация	25	1	GLC 101 Қазақ (Орыс) тілі	10	ЖБП/ МК
			2	GLC 102 Шетел тілі	10	ЖБП/ МК
			3	GLC 203/1 Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі/ GLC 203/2 Академиялық жазылым	5	БП/ТК
3	GER – 3 Жаһандық этика және	21	1	GER 201 Инклюзивті білім беру	6	БП/ ЖК
			2	GER 402/1 Педагогикалық зерттеулер негіздері	10	БП/ ЖК
			3	GER 303/1 Кәсіби этика және	5	Бейіндеуші



	ғылыми зерттеулер			сәйкестік/ GER 303/2 Жасанды интеллект негіздері		пән / ТК
4	GPS – 4 Жалпы педагогикалық пәндер	21	1	GPS 201 Педагогикалық психология	6	БП/ ЖК
			2	GPS 202 Педагогика және дидактика	6	БП/ ЖК
			3	GPS 303 Педагогикалық шеберлік негіздері	5	БП/ ЖК
			4	СТ(І)Р 104 Үздіксіз оқу (танысу) практика	2	БП/ ЖК
			5	С(РР)Р 205 Үздіксіз (психология-педагогикалық) практика	2	БП/ ЖК
5	ФТР – 5 Педагогикалық мамандық негіздері	31	1	ФТР 301/1 Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі ФТР 301/1 Тәрбие үрдісін ұйымдастыру және әдістемесі	5	БП/ ТК
			2	ФТР 202/1 Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті ФТР 202/2 Педагогикалық артистизм	5	БП/ ТК
			3	ФТР 303 Педагогиканы оқыту әдістемесі	5	Бейіндеуші пән / ЖК
			4	ФТР 104 Этнопедагогика	5	БП/ ЖК
			5	ФТР 305/1 Педагогикалық психологиялық кәсіби бағдар ФТР 305/2 Педагогикалық менеджмент	5	БП/ ТК
			6	РР 306 Педагогикалық практика	6	БП/ ЖК
6	ФРР-6 Психологиялық мамандық негіздері	53	1	ФРР 101 Жалпы және жас ерекшелік психологиясы	6	БП/ЖК
			2	ФРР 202 Әлеуметтік психология	5	БП/ЖК
			3	ФРР 203/1 Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет ФРР 203/2 Жас ерекшелік психологиясы бойынша практикум	6	Бейіндеуші пән /ТК
			4	ФРР 304/1 Эксперименталды психология ФРР 304/2 Психология бойынша практикум	7	БП/ЖК
			5	ФРР 305 Психологияны оқыту әдістемесі	5	Бейіндеуші пән /ЖК
			6	ФРР 206/1 Психологиялық-педагогикалық диагностика	5	БП/ТК



				FPP 206/2 Психологиядағы математикалық әдістер		
			7	FPP 407 Психологиялық кеңес беру және психотерапиялық техниканың негіздері	9	Бейіндеуші пән /ЖК
			8	FPP 408/1 Тренингтік жұмыс негіздері FPP 408/2 Коммуникативті құзыреттілік тренингі	5	БП/ТК
			9	FPP 409/1 Білім беру мекемелеріндегі психокоррекциялық жұмыстар FPP 409/2 Психологиялық коррекцияны жүргізу технологиясы	5	БП/ТК
7	PIR -7 Тұлғааралық қатынастар психологиясы	45	1	PIR 201/1 Тұлға психологиясы PIR 201/2 Қазіргі тұлға теориялары	5	БП/ТК
			2	PIR 302/1 Отбасы психологиясы/ PIR 302/2 Отбасы және отбасылық қатынастар психологиясы	6	БП/ТК
			3	PIR 403/1 Балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы PIR 403/2 Виктимология	5	Бейіндеуші пән /ТК
			4	PIR 304/1 Конфликтология негіздері / PIR 304/2 Медиация негіздері	5	Бейіндеуші пән /ТК
			5	PIR 305/1 Суицидтік мінез-құлықтың психологиялық аспектілері PIR 305/2 Суицидология негіздері	6	Бейіндеуші пән /ТК
			6	Р(Р)Р 406 Өндірістік (педагогикалық) практика	16	Бейіндеуші пән / ЖК
			7	Р(Р)Р 407 Дипломалды (педагогикалық) практика	2	Бейіндеуші пән / ЖК
	ҚА	8	1	WDDP(Р)PCE 408 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	8	ҚА
БАРЛЫҒЫ:		240			240	



2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

GES-1 Жалпы білім беретін пәндер

Модуль сипаттамасы: Модуль адамның өмірі мен жұмысының барлық салаларында ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін міндетті пәндер жиынтығымен ұсынылған. Модуль пәндері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру арқылы бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, салауатты өмір салтына, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа жетуге бағытталған. Студенттер философияның дамуы және рефлексия әдістемесінің ғылымның дамуына әсері туралы жалпы мағлұмат ала отырып, мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіне алады, Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін талдайды.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	GES 101 Қазақстан тарихы	ЖБП/МК	5	Пәннің мақсаты – студенттерге Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі дамуының негізгі кезеңдері туралы білім беру болып табылады. Оқыту нәтижесінде студенттер: Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдері туралы білімдерін және түсінігін көрсетеді; өткен тарихи құбылыстар мен оқиғаларды сыни талдау арқылы адамзат қоғамының дүниежүзілік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен салыстырады; қазіргі Қазақстанның тарихи процестері мен құбылыстарын зерттеуде аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын меңгереді; қазіргі қазақстандық даму	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; қонақ дәрістер; Топтық жұмыс; Менталды карта әдісі	ОН2	Эсселер, презентациялар, ауызша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				<p>моделінің имманенттік ерекшеліктерін объективті және жан-жақты түсіне біледі; Қазақстан тарихындағы тарихи құбылыстар мен процестерді жүйелейді және сыни тұрғыдан бағалайды.</p>			
2	<p>GES 102 Философия</p>	ЖБП/ МК	5	<p>Бағдарламаның мақсаты – студенттерде философияны әлемді танудың ерекше формасы ретінде, оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен болашақ кәсіби іс-әрекеттер контекстінде оларды зерттеу әдістері туралы тұтас түсінігін қалыптастыру болып табылады. Философияның тарихи дамуы контекстінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттайды.</p>	<p>Рольдік ойындар, іскерлік ойындар, жобалар әзірлеу; тренингтер; миға шабуыл</p>	<p>ОН 2; ОН 3</p>	<p>Тест; эссе талқылау</p>
3	<p>GES 103 Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)</p>	ЖБП/ МК	8	<p>Бағдарламаның мақсаты – қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу жағдайында студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Студенттер осы пәндердің өзара байланысын, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамдық қатынастар, мәдени құндылықтар мен саяси жүйеге әсерін білетін болады. Пән аналитикалық ойлауды, сыни тұрғыдан ойлау мен күрделі әлеуметтік құбылыстарды түсіну қабілетін</p>	<p>Кейстер; презентациялар, диаграммалар; сұрақ-жауаптар; топтық жаттығулар; интербелсенді әдістер</p>	<p>ОН 1; ОН 2; ОН 3</p>	<p>Тест; кейс талдау; презентация қорғау; мақалаларды, баяндамаларды талқылау</p>



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				дамытады, сонымен қатар студенттердің толеранттылығы мен азаматтық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етеді.			
4	GES 1(2)04 Дене шынықтыру	ЖБП/ МК	8	Бағдарламаның мақсаты-денсаулық сақтау технологиялары арқылы студенттердің қозғалыс мәдениеті мен қасиеттерін тәрбиелеу. Студенттер әртүрлі спорт түрлері арқылы физикалық, психофизикалық және жеке қасиеттерін, өзін-өзі диагностикалау, ұжымдық жұмыс жасау, салауатты өмір салтына ынтасын арттыру және кәсіби қызметке дайындау дағдыларын дамытады.	демонстрациялық әдіс; тәжірибеге бағытталған әдіс; тренинг	ОН 1; ОН 2	бақылау нормативтері; дифф.сынақ
5	GES 205 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	ЖБП/ МК	5	Бағдарламаның мақсаты – студенттерде процестерді, ақпаратты іздеу, сақтау және өңдеу әдістерін, сандық технологиялар арқылы ақпаратты жинау және беру әдістерін сыни тұрғыдан бағалау және талдау қабілетін дамыту болып табылады. Студенттер ақпараттық ресурстарды іздеу және бағалау, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және технологияны пайдалана отырып тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді. Олар алған білімдерін есептерді шешуде қолданады, ақпараттық-	Проблемалық оқыту әдісі; дискуссиялық (пікір-талас) әдісі; жобалау әдісі; кейс-стади	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест, Жоба



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				коммуникациялық технологияларды қолдануда сыни тұрғыдан өздігінше ойлай алады.			
6	<p>GES 106/1 Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері</p>	ЖБП/ТК	5	<p>Курс құқықтық сауатты, заңға бағынатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Студенттер өздерінің құқықтары мен міндеттерін біледі және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік танытады. Студенттер өз қызметінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік, құқықтық және этикалық нормаларын қолдана алады. Курс заңдылық түсініктерін, этикалық қағидалары мен қоғамдағы сыбайлас жемқорлықпен күрес қағидаларын дамытады.</p>	<p>Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; қонақ дәрістер</p>	<p>ОН 1; ОН 2</p>	<p>Эсселер; презентациялар ; жазбаша емтихан</p>
	<p>GES 106/2 Экология және тұрақты даму</p>			<p>«Экология және тұрақты даму» курсы студенттердің экологиялық дағдыларын дамытуға, заманауи экологиялық мәселелерді шешуге, қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты дамыту жолдарын қалыптастыруға, студенттердің экологиялық санасын және қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Нәтижесінде студенттер экологиялық тенденцияларды талдау және басым бағыттарды қалыптастыру, табиғатты қорғау бойынша нақты міндеттерді қою</p>	<p>Кейс, фишбоун, Т кестесі, "ДЖИК СО" әдісі, "Венн диаграмма" әдісі, "Кластер" әдісі</p>	<p>ОН 1; ОН 2</p>	<p>Жазбаша</p>



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				арқылы өмірлік маңызды тұрақтылықты сақтауды үйренеді. Сондай-ақ студенттер қазіргі заманғы экологиялық саясаттың негізгі бағыттарын, жаһандық, аймақтық және жергілікті деңгейде экологиялық проблемаларды шешудің практикалық тәсілдерін анықтай алады, сонымен қатар тұрақты даму мақсаттарына жету үшін табиғи ортаның сапасын басқарудың әртүрлі құралдарын қолдана алады.			
	GES 106/3 Экономика және кәсіпкерлік негіздері			Пән студенттердің кәсіпкерлік дағдылары мен іскерлік ойлауын қалыптастыруға бағытталған. Студенттер экономиканың, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттарын, оның ішкі және сыртқы ортасының заңдылықтарымен жан-жақты танысу арқылы бизнес-жоспар, жеке бизнесті құру және өз бизнесін сәтті жүргізу дағдыларына ие болады	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; методы Фишбоуна; қонақ дәрістер; Жоба әдістері	ОН 1; ОН 2	Эсселер, презентациялар, жобалар, тест
	GES 106/4 Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу			Пәнді игеру арқылы әрбір студент жеке тұлға ретінде көшбасшылық қасиеттерін ашу және дамыту, инновациялық үдерістерден туындаған жаңалықтарға бейімделу дағдыларын дамыту, сонымен бірге ғылыми-техникалық үдерістер нәтижелерін кәсіби қызметінде қолдана алу	Төңкерілген оқыту, жағдаттық (ситуативное) оқыту (Кейс жинау), технологиялық оқыту (Padlet	ОН 1; ОН 2	Ауызша (кейстерді шешу)



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				мүмкіндіктеріне үйренеді. Басқарудағы көшбасшылық қасиеттер мен адами фактордың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын оқып біледі	тақта, канва қосымшасы, комикстер, кахоот, т.б.)		
	GES 106/5 Эмоционалды интеллект			Пән Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық бағдарлары мен басым бағыттары контекстіндегі педагогтың тьютор рөлін игеруіне бағытталған. Студенттер қазіргі мектептің білім беру процесіндегі эмоционалды интеллекті мен «икемді құзыреттіліктердің» орнын анықтайды. Икемді дағдыларды, соның ішінде оны цифрлық ортада дамытуды ескере отырып, білім беру қызметін ұйымдастырудың заманауи әдіс-тәсілдері мен технологияларын қолдана алады. Әртүрлі жастағы оқушылардың эмоционалды интеллектісін бағалау мен дамытудың технологияларын меңгереді.	рөлдік ойындар; оқу дискуссиялары; кейс-стади; жобалау әдісі	ОН2 ОН4 ОН7 ОН10	Критериалды бағалау әдісі; Жоба қорғау
	GES 104/6 Математикалық статистика негіздері			Пәннің мақсаты - студенттерді жүйелі ойлаудың формалары мен заңдылықтарымен таныстыру, студенттерді жүйелі ойлауға үйрету, оларда негізделген дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектесу болып табылады. Студенттер деректерді жинау, өңдеу және идеялар ұсыну процесін түсінеді, қарастырылатын	түсіндіру, кейс стади, топпен және жұппен жұмыс	ОН 1; ОН 2	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				объектінің немесе құбылыстың жағдайын бағалауда деректерді сандық және сапалық талдауды қолдану дағдылары қалыптасады.			
	GES 106/7 Қаржылық сауаттылық			Пән білім алушылардың қаржы жүйесі, қаржылық тәуекелдер, қаржы институттары және олардың өнімдері туралы білімдерін игеруге бағытталған. Нәтижесінде студенттер әртүрлі дерек көздерден қаржылық ақпаратты іздеуді, талдауды, түсінуді, бағалауды үйренеді және алған ақпаратты қаржылық мәселелерді шешу үшін пайдалана алады. Жалпы бұл курс қаржылық алаяқтықтың жоғары тәуекелі жағдайында білім алушыларда сауатты, ұтымды қаржылық мінез-құлықты қалыптастырады.	Түсіндіру, кейс стади, топпен және жұппен жұмыс	ОН 1; ОН 2	Тест

GLC-2 Тілдік коммуникация

Модуль сипаттамасы: Модульді меңгеру барысында студенттерде қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады. Студенттер жазбаша және академиялық жазылым тұрғысында ауызша сөйлеудің практикалық дағдыларын дамытады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	GLC 101 Қазақ (Орыс)	ЖБП/МК	10	Пән қазақ (орыс) тілінде тілдік дайындықты дамытуды жалғастыруға бағытталған. Пәннің	АКТ технологиялары;	ОН 1; ОН 2	Тест



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	тілі			мақсаты – тілді сенімді меңгеру, оны кәсіби және оқу мақсатында қолдана білу болып табылады. Студенттер нақты бір тілде сауатты және тиімді сөйлеу дағдыларын дамытады, сөздік қорын кеңейтеді, грамматикалық және орфографиялық сауаттылығын, академиялық жазу дағдыларын жетілдіреді.	проблемалық-ізденіс оқыту технологиясы; сынақ технологиялары АКТ технологиялары; проблемалық-ізденіс оқыту технологиясы; сынақ технологиялары		
2	GLC 102 Шетел тілі	ЖБП/ МК	10	Пәннің мақсаты – студенттердің әртүрлі мақсатта шетел тілінде сөйлеу дағдыларын кеңейту және нақтылау болып табылады. Пәнді оқу барысында студенттер шетел тілінде тыңдау, сөйлеу, жазу және грамматика дағдыларын жаттықтырады және жетілдіреді, тұлғалық және кәсіби әлеуеттері байытады. Пәнді оқу барысында студенттердің мәдени ой-өрісі кеңейеді, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдылары қалыптасады.	Коммуникативтік , АКТ технологиялары;	ОН 1; ОН 2	Тест
3	GLC 203/1 Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі	БП/ТК	5	Пән студенттерде ғылыми стильдің жанрлық түрлері туралы білімін қалыптастырады, кәсіби қызмет саласында ақпарат пен деректерді жинаудың, сақтаудың және өңдеудің заманауи әдістерін меңгертеді, сонымен қатар сөйлеу әрекетінің оқу, сөйлеу, жазу, тыңдау сияқты төрт түрі бойынша академиялық байланыс	RWCT стратегиялары	ОН 1; ОН 2	Эссе



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				дағдыларын дамытады.			
	GLC 203/2 Академиялық жазылым			Академиялық жазылым пәні білім алушыларды функционалды стиль түрлері мен ғылыми мақала жазу, салалық пәндік терминология, іс-қағаздарын жүргізу, академиялық сауаттылық дағдысын қалыптастырады. Сондай-ақ ғылыми баяндамалар жасауға, мәтіндерді кәсіби тұрғыдан талдай білуге, сыни ойлауға, плагиаттан сақтану жолдарын меңгертеді және ғылыми деректер қорынан ақпаратты табуға, жазба жұмысын жүйеліндіруге машықтанады.	RWCT стратегиялары	ОН 1; ОН 2	Эссе

GER – 3 Жаһандық этика және ғылыми зерттеулер

Модуль сипаттамасы: Модуль пәндері кәсіби қызметте қолданылатын жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Студенттер жаһандық инклюзивті қоғам құруды құндылық ретінде қабылдайды және оны құру мен қолдауға үлес қосады. Студенттер кәсіби саладағы ғылыми зерттеулермен, мәліметтерді жинау мен талдаудың негізгі әдістерімен, мінез-құлықтың кәсіби этикасымен және кәсіби саладағы зерттеулермен танысады. Студенттер өздерін кәсіби саланың өкілімен сәйкестендіреді және байланыстырады және өзінің кәсіби дамуын жоспарлайды, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуы және еңбек нарығындағы құндылықты арттыру үшін өмір бойы білім алуға ынталанады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	GER 201 Инклюзивті білім беру	БП/ЖК	6	Пән студенттердің әрбір мүшесі өзінің құндылығы мен маңыздылығын сезінетін инклюзивті қоғам қағидалары туралы түсінігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты	Мәселелік - бейімдеушілік оқыту, төңкерілген оқыту әдісі,	ОН1	Ауызша және жазбаша емтихан, топтық және жеке



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				физиологияны, анатомияны жақсы біледі, жасерекшелік физиологиясы туралы терең білімге сүйене отырып, танымдық дағдылардың қағидаларын түсінеді, ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасай алады, инклюзивті білім беру ортасын құрудың стратегияларын біледі және оны жүзеге асыра алады..	рефлексивті оқыту, интербелсенді оқыту, мәселелік дәріс, іскерлік ойын, педагогикалық жағдаяттарды шешу, топтық және жеке жоба, презентация, реферат		презентация, топтық және жеке жоба, тест
2	GER 402/1 Педагогикалық зерттеулер негіздері	БП/ ЖК	10	Пән педагогикалық зерттеу саласында зерттеушілік дағдыларды дамытуға бағытталған. Студенттер зерттеудің негізгі сапалық және сандық әдістерін біледі, ғылыми әдебиеттерді талдай алады, Action research, lesson study әдістемелерін, бақылау мен рефлексияны меңгерген. Студенттер деректерді өңдей алады және көпшілікке ұсыну үшін зерттеу нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде құрастыра алады.	Жобалық оқыту	ОН2 ОН3 ОН5 ОН8	Жобаны қорғау
3	GER 303/1 Кәсіби этика және сәйкестік	Бейіндеуші пән / ТК	5	Пәннің мақсаты – студенттерді кәсіби педагогикалық ортада қабылданған көзқарастармен, құндылықтармен, білімдермен, сенімдермен және дағдылармен таныстыру. Студенттер педагогикалық немесе басқа да	Пікір талас әдісі; Кері байланыс әдісі, семинарлық	ОН2; ОН3	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КсАҚ
Педагогика және психология институты

				қызмет аясында көшбасшылық және белсенділік дағдыларын, Қазақстанның ұлттық және мәдени құндылықтарына деген сүйіспеншілігін дамытады, кәсіби этикамен танысады, оны құндылық ретінде қабылдай отырып, қатаң сақтауды үйренеді. Студенттер мансап жолын жоспарлай отырып, өзін-өзі талдау және өзін-өзі басқару дағдыларын дамытады.	әдіс; Кейс-стади		
	GER 303/2 Жасанды интеллект негіздері			Бұл пәнді оқудың мақсаты – жасанды интеллект (ЖИ) саласындағы теориялық білім мен дағдыларды және жасанды интеллекттің заманауи құралдары мен әдістерін қолданудың практикалық дағдыларын қалыптастыру. Студенттер AI туралы негізгі түсініктермен танысады; негізгі AI тұжырымдамалары мен әдістерін үйренеді; негізгі интеллектуалды бағдарламалық жүйелерде ЖИ ұсынылған теорияларын, әдістері мен принциптерін қолдану қабілетін алады.	Проблемалық дәріс, пікірталастық дәріс, кейс-стади, жоба әдісі	ОН2; ОН3	Тест

GPS – 4 Жалпы педагогикалық пәндер

Модуль сипаттамасы: Модуль педагогикалық мамандықтар үшін міндетті болып табылады және педагогикалық мамандықтың теориялық негіздері оқытылатын пәннің негіздерін ұсынады. Студенттер педагогиканың жалпы бөлімдерімен танысады, модульде психология икемді мазмұнда ұсынылған, ол педагогикалық контексте пайдалану үшін бейінді және қазіргі мектептің сұранысына жауап береді.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
---	--------------------	----------------	-------------	-----------------	----------------	-------------	------------------



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

1	GPS 201 Педагогикалық психология	БП/ ЖК	6	Пәннің мақсаты әр түрлі жас кезеңдерінде оқыту және тәрбиелеу психологиясы саласындағы білімді қалыптастыру болып табылады. Оқушыларды мектепте жетістікке жетуге ынталандырудың психологиялық жолдары туралы нақты түсінік қалыптасады және танымдық процестердің сапасын бағалайды. Студенттер мұғалім-оқушы-ата-ана жүйесінде сындарлы қарым-қатынас үлгілерін ассимиляциялау арқылы коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытады. Курстың соңында олар білім берудегі психологиялық-педагогикалық тәсілдерді сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын меңгереді.	Жариялау әдісі; пікір талас әдісі; кері байланыс әдісі, семинарлық әдіс; Кейс-стади.	ОН2; ОН3; ОН5; ОН8	Ауызша сауалнама, жазбаша емтихан
2	GPS 202 Педагогика және дидактика	БП/ ЖК	6	Пәннің мақсаты – ғылым ретінде педагогика туралы жалпы түсінік пен зерттеуге бағытталған оқыту концепцияларын қалыптастыру. Студенттер педагогика ғылымының дамуының тарихи алғы шарттарын меңгереді, дидактиканың негізгі заңдылықтары мен қағиаларын түсінеді. Студенттер цифрлық құралдарды пайдалана отырып, өзекті ғылыми ақпараттарды ты іздеуді және талдауды жүзеге асырады, педагогика мен дидактиканың іргелі негіздеріне сүйене отырып, өз көзқарасын білдіруге қабілетті.	Проблемалық оқыту, SWOD талдау, жағдаяттық оқыту, RWCT стратегиялары	ОН2; ОН3; ОН5; ОН8	Тест
3	GPS 303 Педагогикалық шеберлік негіздері	БП/ ЖК	5	Пәнді оқу барысында студенттер болашақ педагог-психологтің педагогикалық кәсіби шеберлігін жетілдірудегі шығармашылық қабілеттері мен құзыреттілігін дамыту жолдарын,	Проблемалық оқыту, SWOD талдау, жағдаяттық	ОН2; ОН3; ОН5; ОН8	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				жеке тұлғалық қасиеттері мен біліктерін қалыптастыратын білімді іріктеуді, оқушыларға әсер ету тәсілдерін, шығармашылықты дамыту, педагогикалық техниканы тиімді қолдану, педагогикалық такт және әдеп элементтерін, сөйлеу техникасын, педагогтің кәсіби шеберлігінде шешендік өнерді дамыту бағыттарын меңгереді.	оқыту, RWCT стратегиялары		
4	СТ(І)Р 104 Үздіксіз оқу (танысу) практика	БП/ ЖК	2	Психологиялық қызметтерде, бөлімдерде, орталықтарда практикалық психологтың қызметімен танысу; практикалық психологтың жұмысының мысалында алынған теориялық білімді бекіту; практикалық психолог қызметінің барысы мен нәтижелерін бақылау және талдау қабілетін қалыптастыру; психологтың жұмысын нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді зерттеу; психологиялық құжаттамамен танысу.	Бақылау, эксперимент, анализ	ОН8, ОН10, ОН11	Есеп
5	С(РР)Р 205 Үздіксіз (психология-педагогикалық) практика	БП/ ЖК	2	Психологтың әртүрлі бейіндегі мекемелер мен ұйымдардағы кәсіби қызметінің ерекшеліктерімен, олардағы жұмыс әдістері мен формаларымен, психологиялық құжаттаманы жүргізумен танысу. Әртүрлі бейіндегі ұйымдарда психологтардың кәсіби функцияларының, міндеттері мен дағдыларының ерекшелігі туралы идеяларды қалыптастыру. Ұйымдағы психологтың қызметін талдау дағдыларын қалыптастыру. Кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту: байқау, эмпатия, коммуникативті дағдылар.	Бақылау, эксперимент, анализ	ОН8, ОН10, ОН11	Есеп



PMN – 5 Педагогикалық мамандық негіздері

Модуль сипаттамасы: Модуль педагог-психологтар үшін өте маңызды. Бұл модульде тәрбие жұмысын ұйымдастыру, қарым-қатнас нормалары, кәсіби бағдар аспектілері қарастырылады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	ФТР301/1 Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	БП/ ТК	5	Студенттер тәрбие үрдісінің теориялық-әдіснамалық негіздерін, мәнін және оның білім беру үдерісіндегі орнын, мектептегі тәрбие жұмысын басқару мәселелерін қарастырады. Тәрбие мақсатын қою әдістемесі, өмір нормаларына даярлауда құндылық қатынастарды қалыптастырып, тәрбие әдісін, нысандары мен құралдарын практикада қолданады. Студенттер оқушылардың тәрбие жұмысының теориясы, әдістемесі және технологиясы саласынан кәсіби педагогтық білімді қалыптастырып, педагогикалық техниканы меңгереді.	<ul style="list-style-type: none"> - рөлдік ойындар - пікір-талас - кейс-стади - жоба әдісі 	ОН4, ОН5, ОН8	Жазбаша емтихан
	ФТР301/2 Тәрбие үрдісін ұйымдастыру және әдістемесі			Пәнді игеру барысында студенттер тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әдістерін, формаларын, әдістерін меңгереді. Тәрбие жұмысының ұжымдық топтық, жеке нысандарын қарастырады. Қазіргі және болашақ ересек өмірде білім, білік және өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастырады. Тәрбие жұмысын, тәрбиелік қарым-қатынасты, тәрбие жұмысының нысандарын ұйымдастыра алады. Баланың			



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				тұлғалық қалыптасуын және әлеуметтену процесін, тәрбие жұмысының теориясын және әдістемесін, тәрбие технологияларын оқу-тәрбие процесінде дұрыс пайдалану үйренеді.			
2	ФТР 202/1 Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті	БП/ ТК	5	Студенттер жоғары мектептегі оқу-тәрбие процесін жаңартудың заманауи бұрылыстарын оқыту және тәрбиелеу жолдарын талдайды. Ізгілендіру мен демократияландырудың жаңа технологияларын қарастырады. Студенттің жеке шығармашылық стилі. Педагогикалық қызмет аумағындағы коммуникативтік акт пен коммуникативтік оқиғалардың құрылымын таниды, педагогтің коммуникативтік мәдениеті аумағында қажетті білімді, іскерлікті, дағдыларды қалыптастырады. Кәсіптік қарым-қатынас аясында педагогикалық процеске қатысушылардың бірін-бірі қабылдау ерешеліктерін біліп, педагог тұлғасының маңызды қасиет-қаблеттерін бағалауды үйренеді.	- рөлдік ойындар - пікір-талас	ОН4, ОН5, ОН8	Жазбаша емтихан
	ФТР 202/2 Педагогикалық артистизм			Студенттер педагогикалық техника туралы жалпы түсінік қалыптастырады. Мұғалімнің өзін-өзі басқару техникасын, сөйлеу техникасын меңгереді. Педагогикалық қабілеттер және педагогтың тұлғалық сапаларын, педагогикалық шеберлікте актерлік шеберліктің элементтерін үйренеді. Педагогикалық қызметпен актерлік қызметтің арасында жалпы ұқсастықтар және айырмашылықтар түсінеді. Студенттер педагогикалық қызметте болатын қателікті іс-	- рөлдік ойындар - пікір-талас		



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				әрекетердің зиянды салдары мен қолайсыз факторларды жоюға жол ашады.			
3	ФТР 303 Педагогиканы оқыту әдістемесі	Бейіндеуші пән / ЖК	5	Студенттер педагогиканы оқытудың әдіснамалық және жалпы теориялық мәселелерін меңгеріп, білім беру мекемелеріндегі педагогикалық пәндерді оқытуды ұйымдастыру және басқару үшін қажетті тәжірибелік біліктер мен дағдыларды қалыптастырады. Педагогика принциптерін құру оқу пәні ретінде және педагогикалық пәндердің мазмұнын игеруді ұйымдастырудың тәсілдері ретінде меңгеріп, қазіргі оқыту технологияларының ғылыми негіздерін қарастырады. Педагогиканы оқытудың тәжірибесінде теориялық білімдерді жүзеге асырады.	Интерактивті әдістер	ОН4, ОН5, ОН8	Жазбаша емтихан
4	ФТР 104 Этнопедагогика	БП/ ЖК	5	Студенттер этнопедагогиканың жалпы негіздерін қарастырып, этнопедагогиканың даму тарихын, қазақ және басқа этностардың мәдениеттегі тәрбиелік ерекшеліктерін талдайды. Ұлттық білім және оның қазіргі әлемдегі рөлі: ұлттық дүниетанымның, азаматтық сананың, ұлттық және өркениетті мәдениеттің қалыптасуын меңгереді. Студенттер кәсіби-маңызды тұлғалық қасиеттерді, соның ішінде педагогикалық ойлау, педагогикалық қарым-қатынас, ұтқырлық және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті мен толеранттылықты қалыптастырады.	- пікір-талас - жоба әдісі	ОН1, ОН5	Жазбаша емтихан
5	ФТР 305/1	БП/ ТК	5	Пәнді оқыту негізінде педагогикалық-	Интерактивті	ОН5,	Жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	Педагогикалық психологиялық кәсіби бағдар			психологиялық кәсіби бағдар беру аспектілеріне: кәсіптік ағарту, оқушылардың ынтасын, икемділігін, талабын байқап, әрі қарай дамыту жолдарын қарастырады. Оқушылардың әлеуметтік-экономикалық, психикалық физиологиялық ерекшеліктері бар түрлі мамандықтар туралы білім жиынтығы; сол кәсіптердің біреуін дұрыс таңдауға жағдай жасауға; психикалық-физиологиялық мүмкіндіктерін қалыптастыруды қарастырады. Оқушыларды мамандыққа баулу және кәсіби бағдар беру жұмысының жоспарын құрылып, оны жүзеге асырады.	әдістер	ОН8, ОН11	емтихан
	ФТР 305/2 Педагогикалық менеджмент			Студенттер педагогикалық менеджменттің теориялық-әдістемелік негіздерін, заңдылықтары мен ұстанымдарын қарастырады. Мектептегі инновацияларды басқару, мектептің тұтас педагогикалық процесін басқару жолдарын талдайды. Мектепті басқарудың педагогикалық жүйесі және оның формасын үйренеді. Мектептің тұтас педагогикалық процесін диагностикалау және жоспарлау, мектептің педагогикалық ұжымын басқару тәсілдерін меңгереді. Педагогикалық қарым-қатынас және басқару этикасын түсініп, мектептің интегралды педагогикалық процесіндегі конфликтіні басқаруды үйренеді.	Интерактивті әдістер	ОН5, ОН8, ОН11	Жазбаша емтихан
6	РР 306 Педагогикалық	БП/ ЖК	6	Педагогикалық практика болашақ психологтың кәсіби дайындығының міндетті компоненті	Бақылау, эксперимент,	ОН8, ОН10,	есеп



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	практика			болып табылады. Ол білім алушылардың кәсіптік-практикалық даярлығы шеңберінде практикалық дағдылар мен дағдыларды қалыптастыруға, алдыңғы тәжірибеде (оқу) алған дағдылар мен дағдыларды бекітуге бағытталған. Студенттер кәсіби цикл пәндері бойынша теориялық білімдерін тереңдетеді және бекітеді; психологтың қызметін жоспарлау мен ұйымдастырудың практикалық дағдылары мен дағдыларын игереді; психологтың кәсіби ұстанымын, дүниетанымын, мінез-құлық стилін қалыптастырады, психологтың кәсіби этикасын қолданады.	анализ	ОН11	
--	----------	--	--	---	--------	------	--

ФРР - 6 Психологиялық мамандық негіздері

Модуль сипаттамасы: Модуль пәндері психологиялық жеке қасиеттер, олардың жас кезеңдеріндегі ерекшеліктерін, әлеуметтік психологиядағы тұлға мәселесін оқытады. Білім беру мекемелеріндегі педагог-психологтың негізгі бағыттарын қарастырады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсаты ОН	Бағалау әдістері
1	ФРР 101 Жалпы және жас ерекшелік психологиясы	БП/ЖК	6	Бұл пән жалпы және жас ерекшеліктері психологиясының даму тарихын, міндеттерін, пән бойынша психиканың дамуын, сананың әлеуметтік-тарихи сипаттамаларын, зерттеу әдістерін, басқа ғылымдармен байланысын қарастырады. Студенттер онтогенездің әртүрлі кезеңдеріндегі адамның психикалық дамуының ерекшеліктерін талдайды; жас және өмірлік	- кейс-стади - жоба әдісі	ОН4, ОН8, ОН9, ОН10	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				дағдарыстарды және оларды жеңу жолдарын анықтайды; танымдық процестер, олардың даму кезеңдеріндегі психологиялық ерекшеліктері; жас кезеңдеріндегі сезімдердің, эмоциялардың, ерік-жігердің сипаты мен көрінісі; олар психологиялық жеке қасиеттерді, олардың жас кезеңіндегі ерекшеліктерін игереді.			
2	FPP 202 Әлеуметтік психология	БП/ЖК	5	Студенттер әлеуметтік психологияның басқа психологиялық ғылымдар жүйесіндегі орнын, оның пәні мен міндеттерін анықтайды. Студенттер қарым-қатынастың құрылымын, функциялары мен түрлерін, топтық динамика процестерін, тұлғаның әлеуметтену кезеңдерін талдайды. Студенттер әлеуметтік психологиядағы қолданбалы зерттеулерді меңгереді. Студенттер Әлеуметтік психологияны оқи отырып адамдардың ұжымдық іс - әрекетінің мәнін, жеке тұлғаның қалыптасуында ұжымның алатын орнын, ұжымның белсенді мүшесі ретінде сипаттайтын жеке тұлғалық қасиеттерді бойына сіңіріп, қарым-қатынастың маңызын түсініп, үйренеді.	- пікірталас - кейс-стади - жоба әдісі	ОН4, ОН9, ОН11	Жазбаша емтихан
3	FPP 203/1 Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет	Бейіндеуші пән /ТК	6	Бұл пән білім беру жүйесіндегі психологтың қызметін реттейтін негізгі заңнамалық-құқықтық және нормативтік құжаттарды, білім берудегі психологиялық қызметті қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық алғышарттарын, практикалық білім беру психологының кәсіби қызметінің бағыттары мен түрлерін қарастырады.	- пікірталас - кейс-стади - жоба әдісі	ОН5, ОН6, ОН11	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				Студенттер кәсіби қызметті жоспарлауды, эмпирикалық психологиялық зерттеулерді жоспарлауды және жүргізуді үйренеді. Психопрофилактиканы іске асырудың құралдары мен тәсілдерін, білім беру үдерісі субъектілерінің дамуын психологиялық қолдау мен даму жолдарын қарастырады.			
	FPP 203/2 Жас ерекшелік психологиясы бойынша практикумы			Студенттер жас ерекшелік психологиясы бойынша практикум пәні туралы түсінікті, зерттеудің негізгі әдістерін, өзін-өзі тану психологиясының тәжірибесін, Мен-концепциясын, басқа адамның концепциясы және оларды зерттеу жолдарын қарастырады. Онтогенездің әртүрлі кезеңдерінде адамның психикалық дамуын диагностикалау әдістері және оларды психологтың өз қызметінде қолдану ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастырады. Психологиялық құбылыстарды, феномендерді және процестерді әдіснамалық тұрғыда талдайды.		ОН5, ОН6, ОН9	
4	FPP 304/1 Эксперименталды психология	БП/ЖК	7	Студенттер психологиядағы теориялық және эмпирикалық білім, ғылым әдіснамасын меңгереді. Ғылыми зерттеу түрлері, оның қағидалары мен құрылымын, ғылыми зерттеу кезеңдерін, психологиялық зерттеу және психологтың тұлғасы, адаммен зерттеу жүргізудің әдеп қағидаларын қарастырып, эксперименталды зерттеу әдістемесін, психологиялық зерттеудегі эксперименталды	Интерактивті әдістер	ОН7, ОН8, ОН9, ОН11	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				әдістің ерекшелігін, эксперименталды зерттеу моделін, психологиядағы өлшеу және психологиялық экспериментті жоспарлауды үйренеді.			
5	FPP 305 Психологияны оқыту әдістемесі	Бейіндеуші пән /ЖК	5	Студенттер қазіргі беру мекемелеріндегі психологияның рөлін, орнын, оның мақсатын, міндеттері мен оқыту әдістерін анықтайды және сыни тұрғыдан талдайды. Студенттер инновациялық технологияларды қолдану үрдісімен психологияны оқытудың интерактивті әдістерін қолданады. Психологияны оқыту әдістемесінің теориялық негіздерінің мазмұнын ашып, қолданбалы психологиялық пәнді меңгеруге қызығушылықтарын арттырады. Студенттердің маман оқытушы ретінде оның теориялық, ғылыми және практикалық дайындығының жоғарғы деңгейін қамтамасыз етеді.	Интерактивті әдістер	ОН4, ОН5,ОН8	Жазбаша емтихан
6	FPP 206/1 Психологиялы қ- педагогикалық диагностика	БП/ТК	5	Пәнді оқу барысында болашақ педагог-психологтар психологиялық диагностиканың құзіреттілігін қалыптастырады. Студенттер диагностикалық және түзету-дамыту міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін бекітілген стандартты әдістер мен технологияларды қолданады; психологиялық бақылаулардың, диагностиканың нәтижелерін талдайды және өңдейді; зерттеу деректері бойынша психологиялық-педагогикалық қорытындылар мен түйіндемелерді тұжырымдайды. Білім алушы мен	- пікірталас - кейс-стади - жоба әдісі	ОН6, ОН9, ОН10, ОН11	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				топтың психологиялық-педагогикалық сипаттамасын құру негізі ретінде диагностикалық қызметті меңгереді.			
	FPP 206/2 Психологиядағы математикалық әдістер			Студенттер психологиядағы математикалық әдістер арқылы алған білімдерін өз зерттеу тәжірибелерінде қолдана алудың кәсіби мүмкіншіліктерін кеңейтеді. Эмпирикалық зерттеудің тапсырмаларын дұрыс пайдалануға, алынған нәтижелерге қорытынды жасауға, келтірілген гипотезаны дәлелдеуге немесе керісінше жоққа шығаруға, сонымен қатар қажетті эмпирикалық мәліметтер анализінің әдісін таңдауға және оны нақты түрде пайдалануға мүмкіндік алады. Студенттер психологиядағы өлшем мен психологиялық экспериментті жоспарлауды үйренеді.			
7	FPP 407 Психологиялық кеңес беру және психотерапиялық техниканың негіздері	Бейіндеуші пән /ЖК	9	Бұл курс психологиялық кеңес беру мен психотерапия негіздерінің ғылыми-теориялық және практикалық тәсілдерін зерттеуге бағытталған. Студенттер кеңес берудің стратегиясы мен тактикасын анықтайды; клиенттермен жұмыс жасауда этикалық нормалар мен ережелерді қолданады; клиенттердің типтік сұраныстарын талдайды; консультациялық әңгімелесу әдістерін таңдайды; психологиялық кеңес беру бағдарламаларын әзірлейді. студенттер психотерапияның негізгі бағыттарын ажыратып, адам қызметінің әртүрлі түрлеріндегі кәсіби тәуекелдердің алдын алуға бағытталған	- пікірталас - кейс-стади - жоба әдісі	ОН4, ОН5, ОН6, ОН9, ОН10, ОН11	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				жеке психотерапиялық бағдарламаларды әзірлейді.			
8	FPP 408/1 Тренингтік жұмыс негіздері	БП/ТК	5	Курс шеңберінде студенттер психологиялық тренингтің жалпы сипаттамасы мен даму тарихын зерттейді; негізгі тренингтік әдістерді меңгереді (топтық пікірталас, ойын әдістері, психогимнастика және т. б.); әлеуметтік-психологиялық оқытуда белсенді оқыту әдістерін қолдану заңдылықтарын сипаттайды; Әлеуметтік және жеке мәртебесі мен дамуындағы бұзушылықтар мен ауытқулардың алдын алу мақсатында психологиялық тренинг бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады.	интерактивті әдістер	ОН5, ОН10, ОН11	Жазбаша емтихан
	FPP 408/2 Коммуникативті құзыреттілік тренингі			Курста қарым-қатынастағы тренинг мәселесін зерттеудің теориялық және әдіснамалық тәсілдері қарастырылады. Студенттер тренингтік сабақты ұйымдастырудың ерекшеліктерін әлеуметтік белсенді оқытудың әдісі мен формасы ретінде талдайды; жеке мәселелерді шешу үшін тренингте қолданылатын әртүрлі әдістер мен әдістерді қолданады; қарым-қатынас процесінде эмоционалды өзін-өзі реттеуді біледі; теориялық білімді практикалық кәсіби қызметке түрлендіреді, құрылымдайды және психологиялық сауатты түрлендіреді; коммуникативтік тренинг бағдарламаларын әзірлейді.			
9	FPP 409/1	БП/ТК	5	Ұсынылған курс түзету-дамыту	- рөлдік	ОН5,	Жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	<p>Білім беру мекемелеріндегі психокоррекциялық жұмыстар</p>		<p>психологиясының қазіргі даму тенденцияларын қамтиды. Студенттер қалыптан тыс дамудың әртүрлі формалары бар балалардың білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін талдайды; оқудағы қиындықтарды және жеке түзету жұмыстарының нәтижелерін талдай отырып, оқушылардың сипаттамасын жасайды; оқушылардың жеке ісімен және медициналық картасымен жұмыс істейді; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен арнайы білім беру бағдарламаларын жобалайды.</p>			
	<p>ФРР 409/1 Психологиялық коррекцияны жүргізу технологиясы</p>		<p>Курс шеңберінде студенттер психологиялық түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуді, психологиялық көмек көрсетуге байланысты кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті дағдыларды пысықтауды, болашақ психологтардың практикалық жұмысында әртүрлі психотерапиялық әдістер мен технологияларды қолдануды үйренеді. Тұлғаның қалыптасуына, дамуына және жұмысына психологиялық-педагогикалық әсер ету жүйесіндегі психологиялық түзетудің маңыздылығын ашады. Балалармен және жасөспірімдермен жүргізілетін психокоррекциялық жұмыстың мазмұны мен әдістері меңгереді.</p>	<p>ойындар - пікір-талас - жағдайлық зерттеу - жобалар негізінде оқыту</p>	<p>ОН6, ОН8, ОН10</p>	<p>емтихан</p>

PIR -7 Тұлғааралық қатынастар психологиясы



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

<p><i>Модуль сипаттамасы:</i> Бұл модуль тұлғааралық қарым-қатынастың өзара байланыс сипаты мен тәсілдерін теориялық тұрғыда талдап, практикада қолдану техникаларын қарастырады. Қарым-қатынас процесінің табысты болуын шарттандыратын рационалды мінез-құлықтарды қалыптастыруға бағытталған.</p>							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	PIR201/1 Тұлға психологиясы	БП/ТК	5	Бұл пәнді игеруде тұлға психологиясының негізгі теориялық мәселелерін меңгеріп, тұлғаның негізгі теорияларын білуге, социогенез және персоногенез туралы түсінік алуға мүмкіндік береді. Студенттер онтогенез процесінде тұлғаның қалыптасуы мен дамуының психологиялық теорияларын талдайды; қалыпты және психикалық деформациялардағы тұлғаның әртүрлі қасиеттерінің дамуы мен жұмыс істеу динамикасының өзгеруін бағалайды; отандық және шетелдік психологиядағы тұлғаны сапалық және сандық бағалау әдістерін қолданады.	Интерактивті әдістер	ОН5, ОН6, ОН8	Жазбаша емтихан
	PIR201/2 Қазіргі тұлға теориялары			Курс аясында студенттер психология тарихындағы тұлға мен адам проблемасын зерттеуге ғылыми көзқарастардың пайда болуы мен даму заңдылықтарын зерттейді, сонымен қатар олардың қазіргі психологиялық ғылым мен практикаға әсерін түсінеді. Студенттер отандық және шетелдік психологиядағы тұлға мен адам проблемасын			



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				зерттеуге арналған негізгі теориялық тәсілдерді (мектептерді) сыни тұрғыдан түсінеді. Тұлғаны зерттейтін әртүрлі теоретикалық бағытпен танысады.			
2	<p>PIR 302/1 Отбасы психологиясы</p>	БП/ТК	5	<p>Ұсынылған курс отбасы мәселелерін түсінуге және ата-ана болуды қалыптастыруға теориялық көзқарастарды зерттеуді қамтиды. Студенттер отбасылық оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін талдайды; ерлі-зайыптылық және ата-аналық қатынастарды психодиагностикалық зерттеу процедурасын жоспарлайды; отбасын зерттеу үшін проективті әдістерді таңдайды; бір және барлық отбасы мүшелерінің сұранысы бойынша кеңес береді; мінез-құлық отбасылық психотерапия бағытында тренингтік сабақ жоспарын жасайды.</p>	<p>- рөлдік ойындар - пікір-талас - жағдайлық зерттеу - жобалар негізінде оқыту</p>	ОН5, ОН10, ОН11	Жазбаша емтихан
	<p>PIR 302/2 Отбасы және отбасылық қатынастар психологиясы</p>			<p>Бұл курс отбасылық психология саласындағы негізгі теориялық, әдіснамалық және практикалық мәселелер туралы идеяларды қалыптастыруға бағытталған. Студенттер отбасының әлеуметтік жүйе ретіндегі негізгі тұжырымдамаларын, оның типологиясы мен құрылымын салыстырады; отбасылық қатынастарды диагностикалау әдістерін іс жүзінде қолданады; Неке және отбасы мәселелері бойынша консультативтік процесті жүргізу әдістерін саралайды; отбасылық қақтығыстардағы адамдардың сындарлы</p>			



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				мінез-құлқын қалыптастырудың психологиялық аспектілерін талдайды.			
3	<p>PIR 403/1 Балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы</p>	Бейіндеуші пән /ТК	5	<p>Курс шеңберінде студенттер девиантты мінез-құлқық проблемасына қолда бар ғылыми тәсілдерге шолу жасайды: тұжырымдамаларды талдайды, критерийлер мен көрсеткіштерді жіктейді, негізгі түрлерін анықтайды, тұлғаның девиантты мінез-құлқын диагностикалау мен түзетудің әдістері мен технологияларын қолданады; қазіргі қоғамдағы девиантты мінез-құлқық мәселесін шешудің практикалық тәжірибесін жинақтайды; девианттың пәндік саласында зерттеулер ұйымдастырады. Девиантты мінез-құлқықты балалармен педагог-психолог жұмысындағы тұжырымдамалар және олардың мазмұнын құрастырады.</p>	<p>- рөлдік ойындар - пікір-талас - жағдайлық зерттеу - жобалар негізінде оқыту</p>	ОН4, ОН6, ОН7	Жазбаша емтихан
	<p>PIR 403/2 Виктимология</p>			<p>Студенттер виктимологияның жалпы теориялық негіздерін талдайды; шетелдік виктимологиялық тәжірибелерді практикада қолданып, оларды отандық құқық қорғау жүйесінде пайдаланудың мүмкіндіктерін қарастырады; виктимологиялық терминдерді ажыратып таниды: «құрбаны», «жәбірленуші», «құрбандыққа айналу», «құрбандыққа бейімділік»; қылмыскер мен құрбандық арасындағы тұлға аралық қатынастардың сипатын түсіндіреді; виктимологиялық жағдайлардағы дау-</p>			



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				жанжалдарды шешеді; витимологиялық профилактиканың өрлеу бағытын анықтайды. Жәбірленудің заңдылықтары мен тенденцияларын зерттейді.			
4	Бейіндеуші пән /ТК	5	Студенттер пәнді меңгеруде конфликтологияның әдіснамасын, тарихын және теориялық негіздерін, қоғамдағы маңызыдылығын талдайды. Конфликтологиялық идеялардың пайда болуы және дамуын, дау-дамайдың жалпы теориясын, тұлға ішілік, тұлғааралық және топтық қақтығыстарды талдайды. Дау-дамайларды зерттеу және диагностикалау әдістерін меңгеріп, алдын алу және реттеу негіздерін, болжау және алдын алу жолдарын үйренеді. Студенттер дау-жанжалды жағдайлар мен дау-жанжалдарды шешу жолдарын қарастырады.	- интерактивті әдістер - пікір-талас - кейс-стади - рөлдік ойындар	ОН5, ОН9, ОН11	Жазбаша емтихан	
	PIR 304/1 Конфликтология негіздері		Курс аясында студенттер дау-жанжалдарды реттеу мен алдын-алу, табысты талдау ісіндегі медиацияның мәні мен әдістері, түрлері туралы заманауи түсініктерді қалыптастырады. Студенттер дау-жанжалдарға, оның ағымының түрлі кезеңдеріне араласуды жүзеге асырады; келіссөздерде делдал рөлінде әрекет етеді; қолда бар медиативтік құзыреттерге сүйеніп әлеуметтік ақпараттарды талдап түсіндіреді. Медиация кезінде дау-жанжалдағы өзара				
	PIR 304/2 Медиация негіздері						



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				әрекеттесуді зерттеу бағдарламасын құрып, тұлғашілік, отбасылық, тұлғааралық қақтығыстармен жұмыс жүргізе алады.			
5	<p>PIR 305/1 Суицидтік мінез-құлықтың психологиялық аспектілері/</p> <p>PIR 305/2 Суицидология негіздері</p>	Бейіндеуші пән /ТК	6	<p>Бұл пәнді оқудың мақсаты психологиялық профилактика мен суицидтік мінез-құлықты түзетудің кешенді тәсілін игеру болып табылады. Өзін-өзі бұзатын мінез-құлықтың себептері мен формаларын анықтайды. Студенттер суицидтік мінез-құлық белгілерін тікелей анықтайтын арнайы диагностикалармен және оның жанама болжаушыларын өлшеуге мүмкіндік беретін диагностикалық материалдардың құрылымдық тізімімен (әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық диагностика) танысады. Өз-өзіне қол жұмсаған адамның отбасымен жұмыс жүргізу жолдарын үйренеді.</p> <p>Оқу процесінде студенттер суицидтік мінез-құлық әлеуметтануы мен психологиясының негізгі бағыттарын зерттейді; суицидология мен өзін - өзі бұзатын мінез-құлық психологиясының дамуының негізгі кезеңдері, категориялық аппарат және ғылыми-зерттеу мәселелерінің салалары туралы түсінік қалыптасады. Студенттер суицидтік мінез-құлықты және оның алдын алу жолдарын меңгереді. Сонымен қатар, жеке тұлғаның дағдарыстық жағдайымен жұмыс істеуге</p>	<ul style="list-style-type: none"> - интерактивті әдістер - пікір-талас - кейс-стади 	ОН5, ОН7, ОН9	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				бағытталған әдістерді қарастырады.			
6	Р(Р)Р 406 Өндірістік (педагогикалық) практика	Бейіндеу ші пән / ЖК	16	Білім беру жүйесінде психологтың практикалық жұмысының қажетті дағдыларын игеру. Білім беру жүйесінде балалармен психодиагностикалық, түзету, профилактикалық жұмыс жүргізу; психологиялық кеңес беру әдістерін қолдана білу. Сабақты психологиялық талдау әдістерін қолдана білу. Өндірістік практика студенттерді адамдар арасындағы Әртүрлі қатынастардағы психологиялық факторларды оңтайландыруға бағытталған психолог жұмысына дайындайды. Тағылымдама болашақта практикалық психолог жұмысының міндеттерімен және мазмұнымен танысуға, өз білімдерін бекітуге, университеттегі теориялық және практикалық курстарды оқу барысында алған білімдерін, дағдылары мен дағдыларын тереңдетуге мүмкіндік береді.	Бақылау, эксперимент, талдау, интерактивті әдістер	ОН1; ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6; ОН7; ОН8; ОН9; ОН10; ОН11; ОН12	Жазбаша есеп
7	Р(Р)Р 4407 Дипломалды (педагогикалық) практика	Бейіндеу ші пән / ЖК	2	Ғылыми-зерттеу жұмысы үшін өзекті ақпаратты білікті іздеу, іріктеу, талдау және жалпылау дағдыларын дамыту. Зерттеу мақсаттары мен міндеттерін қою, гипотезаларды ұсыну, жоспарлау, ұйымдастыру, әртүрлі типтегі мекемелерде іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулерді жүргізу дағдыларын бекіту; зерттеу нәтижелерін талдау, оларды сыни бағалау, деректерді математикалық өңдеуді	Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, эксперимент және талдау	ОН1; ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6; ОН7; ОН8; ОН9; ОН10;	Жазбаша есеп



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				жүзеге асыру, өз жұмысы бойынша қорытындыларды тұжырымдау, өзіндік зерттеу көзқарасын қорғау дағдыларын дамыту.		ОН11	
8	WDDP(P)PCE 408 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	ҚА	8	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру.			



NJSC «KAZAKH NATIONAL WOMEN TEACHER TRAINING UNIVERSITY»
Institute of Pedagogy and Psychology